



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1999 жылғы 2 желтоқсан N 275

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін реформалауға байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Үкімет шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

2) осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын құру туралы" 1992 жылғы 18 наурыздағы N 688 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж., N 7, 118-құжат; 1996 ж., N 5, 22-құжат) күші жойылған деп танылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.